

Оқушылардың республикалық олимпиадасы

II тур
9-сынып
(Қазақ тілі мен әдебиеті)

Екінші турға бірінші турға қойылатын ұпайдың кемінде жартысын (25ұпай) жинаған оқушылар қатыса алады. Екінші турға қатысушыларға қазақ тілі мен әдебиеттен 5 сұрақ қойылады.

Екінші турдың сұрақтарына берілген жауаптарды бағалау тәртібі:

Әр сұраққа қойылатын ең жоғарғы баға – 10 ұпай, бағалау мынадай критерийлерге негізделеді:

9-10 ұпай – жауабы ерекше, жауап барысында мектеп бағдарламасынан тыс мәліметтер мен деректерді келтіре отырып, терең білім алғанын байқатады;

7-8 ұпай – сұраққа толық жауап беріледі, кейбір қосымша мәліметтер келтіре білді;

5-6 ұпай – жауап барынша толық болмады, терминдерді түсіндіруде, анықтамалар мен ережелерді айтуда, сөйлем талдауда кейбір қателер кездесті;

3-4 ұпай – жауабы толық емес, дәрекі қателер кетті;

1-2 ұпай – сұраққа жауаптың қатысы жоқ, нақты емес.

Екінші турдан оқушының жинайтын ең жоғарғы ұпайы – 50. Олимпиаданың екі турынан да жоғары ұпай ала білген оқушының 100 ұпай жинауға мүмкіндігі бар.

№	Пән атауы	Мазмұны
1	Қазақ әдебиеті	Жұлдызың туды оңыңнан, Жан біткен ерді соңыңнан. Он сан Алаш баласын Жусатып қойдай өргіздің, Жұмсап жүрсің қолыңнан..... Үзінді қай автордың өлеңінен алынған? Бұл туындыда не туралы айтылатынын қысқаша баяндап беріңіз.
2	Қазақ әдебиеті	Кеуделері кепедей, Мұрындары төбедей, Күрек тісі кетпендей, Кеңірдегі жүгіттің көріндей... 1. Өлеңде қолданылған ажарлаудың түрі және оның ережесін айтыңыз А) инверсия В) метафора С) аллегория D) ассонанс Е) теңеу 2. Затты барынша ұлғайта суреттеу деген не және ережесін айтыңыз А) гипербола В) метафора С) аллегория

		D) ассонанс E) литота
3	Қазақ тілі	Сөйлемге синтаксистік талдау жаса. Қолымдағы допты тарс еткізіп босағаға тастай бердім де, мен сол екпініммен тор үйге қарай беттедім.
4	Қазақ тілі	Мәтіндегі қарамен берілген сөздерге морфологиялық талдау жаса.
5	Тіл мәдениеті	Мәтінді оқып, төмендегі сұрақтарға жауап бер. Күзде оқу басталып, жеті менен он жастың аралығындағы өңшең бірөңкей балалар бірінші класқа бардық . Бізді Иманжанов деген шашы аппақ қудай, қолы-басы тоңған адамша дірілдей қалшылдап, көзі қып-қызыл боп жасаурап отыратын қарт кісі оқытты. Бұл кісі – денсаулығының нашарлауы себепті қаладан көшіп келген мұғалім екен. Бізге күн сайын үйінен әкелген қағазды бір-бір парақтан үлестіріп беріп, әріптерді үйрете бастады. Аян екеуміз бір партаға отырғанбыз . Бірінші күннен-ақ ол зеректігімен көзге түсті. Мұғалімнің тақтаға жазған әріптерін айна-қатесіз қағазға түсіріп, тез жаттап алып жүрді. Тіпті келе-келе күніне бір-екі әріптен ғана өткенімізге көңілі толмай: – Барлық әріптерді тезірек неге үйретпейді екен. Шіркін, ағама хат жазар едім, – деп күңкілдейтін. 1. Мәтін қай жақта баяндалған? 2. Мәтін қай стильде жазылған? 3. Мәтіндегі негізгі ойды екі-үш сөйлеммен жинақтап жаз.

- Тапсырманың орындалу уақыты 90 минут